«ІЛЕ-АЛАТАУЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ИЛЕ-АЛАТАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРИРОДНЫЙ ПАРК»

**БҰЙРЫҚ**
2024 жылғы 28 наурыз
Талғар қаласы

**ПРИКАЗ**
№092 -н/қ
город Талгар

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы негізінде Орман шаруашылығы жануарлар дүниесі комитетінің 15.02.2024ж. №27-6-17/370-И хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мекеме қызметінің келесі бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін:

- Мекеменің қызметін қамтитын нормативтік құжаттарда және оның ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жүргізу;
- Ішкі нормативтік құжаттар негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, Мекеме қызметкерлерімен жұмыс жүргізу;

***Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:***

- Мекеме қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің, қақтығыстарға қызығушылықтарын бақылау;
- қаржыландыру жобаларының дұрыс іске асырылуын бақылау процестерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ұйымдастырушылық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді жүзеге асыру кезінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- қаржылық-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;

2.Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобының құрамы бекітілсін:

1) Кунаев К. – бас директордың орынбасары, жұмыс тобының төрағасы;
2) Шантаев А. – бас директордың орынбасары, жұмыс тобының мүшесі;
3) Кожанов С. – құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, жұмыс тобының мүшесі;
4) Мухаметжанова Р. – кәсіподақ төрайымы, жұмыс тобының мүшесі;
5) Исабекова К. – негізгі қызметтер бас инспекторы, жұмыс тобының хатшысы.

3.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерә бойынша 2024 жылғы 30 маусымға дейін талдамалық есептің жобасы дайындалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау бас директордың орынбасары К.Кунаевқа жүктелсін.

**Бас директор** **А.Қонақбаев**

С. Абдыбай
Н. Ермеков Б.Н.
Нурпеисов Д.Д.
Молдабеков А.Ш.
Қонабеков А.Б.